

Қостанай облыс әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының Білім бөлімінің «Қаламқас» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

## АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі Қостанай облыс әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының Білім бөлімінің «Қаламқас» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамында жұмыс тобы құрылды: Төрағасы: Д.Т.Мақтағанова Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданының Білім бөлімінің «Қаламқас» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны меңгерушісі, мүшелері:

ГС..Какімжанова - шаруашылық меңгерушісі,

С.Н. Тукенова – кәсіподақ төрайымы,

А.Қ.Ержанова –есепші

хатшысы: Қ.Т.Махамбетова.

2024 жылдың 10 маусым мен 2025 жылдың 10 маусым аралығында Мекеменің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тармағына, , Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Мекеменің Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы қаулысымен бекітілген Жарғысын басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Мекеменің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Мекеме өз қызметінде «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысын басшылыққа алады.

Аталған нормативтік актілерде, сондай-ақ Мекеме Ережесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## I. Персоналды басқару қызметін зерттеу

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақсыздығы саласындағы ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Осылайша, Мекеменің штаттық саны 46, 450 штат бірлігін құрайды, оның ішінде әкімшілік - 3, әдістемелік кабинет - 1, орталықтандырылған бухгалтерия - 1. Талдау кезінде орындар бар

Бос лауазымдарға орналасудың белгіленген ережелеріне сәйкес Мекеменің ресми сайтында және Амангелді ауданының жұмыспен қамту орталығына біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі көрсетілген хат уақтылы жолданады.

Есепті кезеңде штатта өзгерістер болған жоқ.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Тәртіптік тәжірибені талдау барысында 2024 жылдың 10 маусым мен 2025 жылдың 10 маусым аралығында мекемеде бірде-бір тәртіптік жаза қолданылмағаны анықталды.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (диплом) берілген жоғары немесе кәсіптік-техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі анықталды.

«Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде мекеменің бірде-бір қызметкерінің қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттылығы немесе өтелмеген соттылығы жоқ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы мәліметтер жоқ.

Мекемеде тікелей немесе қызметтік бағынысты жақын туыстарының жұмыс істеу фактілері анықталған жоқ.

Талдау жүргізілген кезде Мекемеде тәртіптік жаза қолданылмаған.

Ішкі талдау барысында қолданыстағы заңнамада лауазымды тұлғаларға белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен ұйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

## **II. Мемлекеттік қызмет көрсету қызметін зерттеу**

Мекемеде мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын, білім беру саласындағы құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет кодтарын және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын қолданады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын реттейтін бекітілген нормативтік-құқықтық актілер Мекеменің ресми сайтында орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Стандарттарда көзделмеген құжаттарды сұрату, сондай-ақ қызметтерді көрсету мерзімін бұзу фактілері мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

## **III. Өтініштерді қарау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу «Е-өтініш» арқылы электронды түрде тіркеледі.

Мекеме есепті кезінде ешқандай өтініштер түспегені анықталды.

Өтініштерді қарау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Мекемеге келіп түсетін өтініштері белгіленген тәртіппен қаралады, қарау сапасына, тіркеу және жауап беру мерзімдерін бұзу фактілері мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

## **IV. Мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен нысанда нақтыланады және бекітіледі, өзгерістер Заңнамада белгіленген мерзімдерде енгізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілермен уақытылы келісім-шарттар жасалады. Бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

Мекеме есепті кезінде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім-шарттар жасалды, оның ішінде өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бірден сатып алу - 4, тікелей тапсырыс бойынша сатып алу - 52, бағалы ұсыныстарға сұраныс – 34.

2024 жылдың 10 маусым мен 2025 жылдың 10 маусым аралығында келісім-шартының талаптарын тиісінше орындамаған жеткізушілер болмаған. Болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес талаптарды өзбен сотқа жүгінеді.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу тәртібі қабылданған заңнамалық нормаларға сәйкес келетіні анықталды.

## V. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар

Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақсатты келесі бағыттар бойынша жұзеге асырылады:

Азаматтардың қоңырауларын өндеу үшін Мекемеде тұрақты негізде «сенім телефоны» жұмыс істейді, «сенім телефоны» 8 (714402200).

Бұл қызмет саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### БОЛАШАҚ ҚЫЗМЕТТЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БОЛДЫРУ ҮШІН ҰСЫНЫСТАР

Мекеменің қызметін реттейтін заңнамалық құжаттарға сәйкес барлық талаптардың орындалуын қатаң сақтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін Мекеменің интернет-ресурсында орналастыру.

Төраға:

Мүшелері:



Д.Т.Мақтағанова

А.Қ.Ержанова

Г.С.Какімжанова

С.Н.Тукенова

Қ.Т.Махамбетова

Хатшы: